

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржы институтын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 14 шілдедегі N 970

Республика қаржы жүйесінің жоғары білікті кадрларға деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық техникумының және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Семей коммерциялық техникумының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржы институтын құру туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Семей облыстық қазынашылық басқармасының үйін, сондай-ақ Семей коммерциялық техникумының оқу корпусы мен жатақханасын мүлкімен бірге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржы институтының балансына белгіленген тәртіппен тапсыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржы институтының жарғысын бекітіп, оның құрылымын, мамандықтары мен мамандандырулар тізбесін айқындасын;

1995 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржы институтын ұстауға және оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаражат бөлінуін көздерін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі